



Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Жас зерттеушілер»

Түсініктеме:

Орыс халқының ғұлама жазушысы Лев Толстойдың баланың мектеп жасына дейінгі қабілетіне ерекше бас иіп айтқан мына сөздерді бүгін де өмір шыдығын танытып отыр. «Мен, - деп жазады Лев Николаевич, -қазіргі өмірдегі бар білетінімді ең жас кезімде меңгердім және сонша қып, тез меңгергендіктен қалған өмірімде оның жүзден бірін де меңгергем жоқ.

Бес жастағы баладан маған дейін бір-ақ қадам. Жаңа туған баладан бес жасар балаға дейін үлкен қашықтық».

Мектепке дейінгі шақтағы балалардың ой-өрісінің ерекшелігі ол сезімдік қабылдаумен негізделеді. Балалардың айнала қоршаған орта туралы анағұрлым көп мағлұмат алып, көп білгісі келеді. Өйткені негізгі ғалымдардың зерттеу дәлелдемелері бойынша мектепке дейінгі шақтағы балалардың туғаннан дарындылығы мен ізденушілік қабілеттері табиғатынан туа біткен қасиет.

Ал ол қасиет баланың мектепке дейінгі және мектеп шағында басылып, ақыры жоғалады екен. Көбінесе балалық шақта байқалатын табиғи нышандардың ойдағыдай үйлесіп келуінен туындайтын қабілеттіліктің түрі дайындылық деп аталады. Біздің елімізде осы күнге дейін барлық балаларға бірдей көзқараспен қарым қатынас болып келді. Міне осы негізінде балалардың туа біткен қасиет қабілеттері азаюы болды. Қазіргі таңдағы технологиялар мен жаңашылдықтардың даму кезеңінде балалардың әрқайсысының ерекшеліктері мен жақын даму ортасы негізіне келе отыра дамытушылық жұмыстарын ғалымдар мен психолог- педагогтар өз шеберліктеріне қарай зерттеуде және дамыту жұмыстарын жүргізуде.

Мектепке дейінгі білім саласының мамандары мен дидактары бойынша мектепке дейінгі шақтағы балалар қасиетін дамыту өте тиімді де ең алғаш кірпіші қаланатын кез деп белгілеген. Сондықтан баланың өзіндік ойлау қабілеттерін бағыттаудың тиімді жолдарының бірі болып танымдылық – тәжірибелік зерттеулік іс-әрекет саналады.

Әлемдік психологиялық еңбектерінде зерттеушілік пен дарындылық бойынша нақты деректер көп жинақталған. Мәселен, Л.С. Выгодскийдің, А. Савенковтың, Е. Белованың, Д.Б. Эльконин еңбектерінен нақты ойларды оқуға болады. Ал мектепке дейінгі балалар психологы Н.Н. Поддъяков «балалар тәжіриесі» атты еңбегінен балалардың әр- түрлі әрекет барысындағы қызметі мысалы: сурет салу, мүсіндеу, құрастыру негіз емес ал осы процесс кезіндегі өзіндік ерекшеліктері мен таным, қабілеттерінің дамуы жетілуі мағыналы деп көрсете отыра әрекет ол бастаушы қызметі деп атаған. Мектепалды топтарының балалары балабақшада мен үйде зерттеулер жасайды әр түрлі тіршілік ахуалар нәзігірек, күрделі әлеуметтік тәжірибиелерін жүргізу жолдары қабілеттері дамыту үшін бағыттыболу қажетдеген. Сонымен қатар Поддъяков әлеуметтік зерттеулерге арнайы болуының жолдарын ұсынған:

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мектепке дейінгі мекемедегі зерттеулер әрекеттерін ұйымдастырудың ережелерінің негіздерін анықтауға тырысайық. Сұрақ (құбылысты бекіту) балаларды дербес әрекеттенулерінен (тәжірибе үстінде) айқындалуы, тууы керек. Мысалы, бақылауда, көркем немесе энциклопедиялық әдебиетті оқығанда (қандайда бір құбылыс туралы оқыдыңыз немесе өзгеше,

ерекше дерек, оның пайда болу себебін, табиғат құбылысын білгіңіз келіп кетті); Еңбектену процесінде (қол еңбегінде, табиғатта, шаруа-тұрмыстық); иллюстративтік материалды анықтап қарау кезінде және т.б.

Басқа сөзбен айтқанда зерттеу әрекетті балардың қажеттетінуінен, мотивіне ұйымдастырылады.

Осы кездегі педагогтың міндетті – балаға осы қажетсінуді түсінуіне көмектесу.

Балалар өздері құбылыстың пайда болуының себептері туралы (сөйлем) болжамдарын, оларды тексеру амалдарын (қарапайым тәжірибе) жасаулары керек. Болжам шынайы өмір деңгейінде жасалуы керек.

Тәрбиеші жаңа эксперименттерді (өткен тәжірибеде орын алмаған) ұсынуы мүмкін, тек дайын түрінде беруге болмайды, өзінің түсінігі ретінде және « Егерде біз осылай істесек... онда нені білеміз?» деген балалардың ұсынысынан кейін ғана беріледі.

Эксперименттеу балардың белсенді әрекеті ретінде ұйымдастырылады. Осындайда әр бала өзінің нені білгісі келетінін, қалай тексергенін, не болғанын, түсіндіре білуі керек. Эксперименттің нәтижесін схемалармен, суреттермен белгілеген жөн (кіші-орта топтарында тәрбиешінің көмегімен, ересек топтарында балалар өздері жасайды)

Ең үлкен мәселе осы бағытта оның жан-жақты танымдылығына дұрыс бағыттап, дамыту. Осы бөлмеге арналған әдістемелік нұсқаулар өте бай және толыққан, тәрбиешіге өз шығармашылығын жүзеге асыруға көмек көрсетеді.

Осындай жолдар арқылы балаларда қоршаған ортаны зерттеуге деген қызығушылық қана қалыптасып қоймайды, сонымен қатар туындаған ситуациялардан шығуға арналғандербес жұмыстарға қажет, пайдалы ой-тұжырым дағдылары қалыптасады.

«Жас зерттеушілер» вариативтік компоненттің тақырыптық жоспары.

Р\с	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Өткізілу мерзімі
1	Түстер экологиясы	Ағаштарды күтуге оң сезімдерін жалғастыру.Балаларға «қабақ» ұғымымын анықтату,ол ағашқа қандай қызмет көрсетеді. Ағашты сырт пішініне қарап оны тануға үйрету. Ағаштың жасы туралы түсіндіру	1	
2	Үйде жасалатын зерттеулер	Балаларға тәжірибелерді еске сақтауға жетілдіру. Қарапайым тәжірибелерді үйде ата-аналарының басшылығымен орындауға тәрбиелеу.	1	
3	Өлі табиғат	Өлі табиғатқа деген көзқарастын, құбылыстары мен объектілерін экологияларық қалыпты жағдай жүйелеу және тереңдету	1	
4	Сиқырлы электр	Электр туралы білімдерін жалпылау. Электрдің қайда «тұратынын» білімдерін кеңейту және ол адамға қандай көмек көрсететіні туралы түсіндіру, статикалық электрдің пайда болу себебімен таныстыру. Электр құралдарың қолдануда қауіпсіздік сақтау ережелерін бекіту	1	
5	Табиғат және біз.	Балаларды табиғат құбылыстарының біртүрлі-желмен таныстыру, адам өміріндегі алатын орны және оның қасиеттері туралы білімдерін кеңейту.	1	
6	Күз алтынын түсіреді	Табиғатта маусымдық өзгерістер туралы балалардың білімдерін және көзқарастарын қалыптастыру	1	
7	Тірі табиғат	Бала табиғат әлемінің бірбөлігі екен сезімін қалыптастыру. Тірі табиғаттың физикалық жағына қызығушылықтарын арттыру	1	
8	Нан бізге қайдан келеді	Балаларға нан адам тамақтануында күнделікті азық мөлшері екені жөнінде түсінік беру. Нан қайдан келетінің, оны қалай дайындайтыны, кім оны өсіреді және пісіретіні туралы әңгімелеп айту. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу	1	
9	Орман және біз	Орман түрлерімен таныстыру, орманда жүру тәртібін бекіту, табиғат әлемі туралы дұрыс көзқарас қалыптастыруына тәрбиелеу.	1	
10	Орман тұрғындары	Адам мен табиғаттың байланысын бөлінбейтіні туралы ұғымдары қалыптастыру.	1	

	көмек сұрайды	Балаларды жабайы жануарлармен және олардың тіршілік ету үшін жануарлардың әдеттерімен таныстыруды жалғастыру		
11	Жануарлар неге құриды?	Балаларға табиғаттың әртүрлілігі туралы мәлімет беруді жалғастыру, кейбір жануарлардың қырылуы туралы негізгі мәлімет беру, қорғауды қажет ететін жануарларды атау, олары не үшін қорғау керектігін түсіндіру.	1	
12	Қысқы орманға саяхат	Қоршаған ортаға деген сезімдерін тереңдету. Жыл мезгіліне байланысты орман ерекшеліктерін атау.	1	
13	Сиқырлы су	Балаларды судың қасиеттерімен таныстыру: судың өзіндік пішіні жоқ, ағымдағы, су заттарды ерітеді. Балаларға суды неге кей кезде тазартып отыру қажеттілігін түсіндіру. Зертханалық тәжірибелер жасау кезінде зерттеу дағдыларын дамыту, шыны және мөлдір ыдыспен жұмыс жасау дағдысын бекіту. Таныс емес ертінділермен жұмыс жасауын бекіту, зерттеу кезінде тиісті қауіпсіздік ережелерін сақтануын қадағалау.	1	
14	Біздің айналамыздағы әлем	Қоршаған материалдық дүние туралы ұсыныстардың жүйесін құрастыру. Жеке құбылыстар және қоршағанортасы табандатқан гармониялық қабылдауға қалыптастырылған қоршаған орта объектілері туралы балардың өнер-білімін кеңейтіп тереңдету	1	
15	Кереметке толы қысқы орман	Балаларды қысқы пейзажбен таныстыруды жалғастыру, ауа райының қай мезгілде болмасын ғажайып екенін көрсету, эстетикалық қабылдауын дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілігін артыру	1	
16	«Құстарға астау жасаймыз»	Жануарлар мен құстар тіршілігі туралы түсініктерін бекіту	1	
17	«Көңілді көжектер мен қонжықтар»	Ұсақ құрылыс бөліктерін көлеміне қарай біріктіріп, біртұтас затты құрастыруды және құстарға қамқор болуды үйрету.	1	
18	«Біздің балабақшаның ауласы»	Балабақша ауласындағы құралдарды құрылыс материалдарынан жасай алуға үйрету.	1	
19	Табиғи материалдар	Табиғи материалдармен таныстыруы жалғастыру. Жүннің , түйе шудасының	1	

	және оның қасиеттері	пайдасы туралы, былғары және оның шығу тегі, пайдасы туралы білім беру. Әр түрлі аттарды санына қарай теңестіруге үйрету.		
20	Таза және ластанған ауа	Өсімдіктердің біздің өміріміздегі орны мен олар ауаның тазартылуына қалай әсер ететіні жайлы және адам денсаулығына қалай ықпал ететіні туралы түсінік беру. Ауаны ластайын факторларға теріс қатынасты тәрбиелеу.	1	
21	«Жаяу жүргіншілерге, машиналарға арналған тар және кең жолдар»	Балалардың пайдалы азбалар және олардың қасиеті туралы білімдерін кеңейтіп, бекіту. Жауапты дұрыс беруге тәрбиелеу.	1	
22	Су адам өмірінде	Адам өміріндегі су туралы білімдерін жетілдіру. Су өмір көзі, адам өмірін және денсаулығын қамтамасыз етуін сүйемелдеулері үшін қажетті судың қасиеті, мөлдір, түссіз, иісі жоқ, еріткіш, үш күйде кездеседі: қатты(қар,мұз), сұйық, газ түрінде – бу	1	
23	Магнит және оның қасиеттері. Магнитті сынау	Балаларды магниттің кейбір заттарға тартқыш қасиеті бар екенін түсіндіріп, таныстыру. Балаларды тәжірибе қоюға пәндік – тізбек моделін құрастыруға үйрету. Маңызды белгілердің негізінде кең таралған материалдарды тұрмыс –салттарда танып біліп және бұл туралы айтуға үйрету.	1	
24	Жаяу жүргіншілерге, машиналарға арналған тар және кең жолдар»	Адамға су және электрсіз өмір сүру мүмкін емес екенін түсіндіру. Су мен электрді үнемдеп отыру қажеттілігін түсіндіру.	1	
25	Бәйшешек	Балалардың жыл мезгілі көктем туралы түсініктерін кеңейту. Көктемнің алғашқы құбылыстары туралы түсінік беру.	1	
26	Көктем келді	Балалардың ойлау қабілеттерін, танымдық белсенділіктерін дамыту, бала мүмкіндіктерінің толық іске асырылуы үшін керекті шартты жасау, көктемдегі құбылыстар туралы ұсынысын жалпылау	1	
27	Жел қалай үрлейді?	Балаларды табиғат құбылысы желмен таныстыру.	1	

28	Ауамен тәжірибелер	Балаларға ауамен жасалатын тәжірибелерді жасату, тәжірибелерді жасату, тәжірибе барысында қортындысын дәлелдей білуге тәрбиелеу	1	
29	Күн және ғаламшар	Ғарыш кеңістігіне қызығушылықтарын, ғарышкер мамандығы туралы білімдерін арттыру. Мамандық иесін құрметтеуге тәрбиелеу. Елестету мен қиялын дамыту.	1	
30	Жәндіктердің жандануы	Көктем мезгілінің құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру, оның ішінде жәндіктердің жандануы туралы мәлімет беру. Табиғи лупа жасап, жәндіктерді өздері істеген өк	1	
31	Жәндіктердің қорегі	Топырақта ауа бар екенің көрсету, топырақты таптау барысында жер асты мекендеушілердің тіршілік етуі қиындайтыны туралы түсіндіру. Балаларға демалыстағы мінез- құлықтың ережелерін сақтауға, өз алдында қажеттілік туралы бір қортындыға келуге көмектесу	1	
32	Қазақстан достар үйі	«Достық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту; Достық көмек туралы түсінік беру; Өзара жағымды қарым – қатынастарын дамыту; Бір – бірін сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу..	1	
33	«Менің ағам шекарашы»	Балаларға шекарашылар жайлы түсінік беру. Өңгімелеп беру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.	1	
34	«Су өмірдің көзі	Балаларға су әлемі жайлы түсінік беру. Өңгімелеп беру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.	1	
35	«Өсімдіктерді күту тәртібі»	Балаларға өсімдіктер жайлы мәлімет беру, оларды күту тәртібін: суру және қайта отырғызу ережелерімен таныстыру.	1	
36	«Өзін-өзі ұстау» дағдылары	Балалардың сезімдері мен көңіл-күйін өзінікімен салыстыра білуге үйрету.	1	
	Барлығы		36 сағат	

Қорытынды

Мектепке дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтарының қалыптасуының ерекшеліктерін зерттей келе мектепке дейінгі ересек баланың жасы-танымдық қажеттеліктерді дамытудың сензитивті кезеңі екені анықталды. Сол себепті танымдық қызығушылықты дәл уақытында және дұрыс затпен қамтамасыз ету, оларды ынталандыру және балалардың барлық әрекет аймақтарында дамыту керек. Таным қызығушылығы жақсы оқудың және жалпы тиімді оқу әрекеттерінің негізін қалайды. Таным қызығушылығы дидактикада бөліп көрсетілген дәстүрлі үш оқыту процессі қызметінің барлығын қамтиды: оқыту, дамыту, тәрбиелеу.

Таным қызығушылығының арқасында білімнің өзі және оны меңгеру процессі ой - өрісті дамытудың қозғаушы күші және тұлғаны тәрбиелеуде маңызды фактор екені дәлелденіп отыр. Бала өзінә зерттеу әрекеті барысында біздің шектеуімізді ұнатпайды өйткені, бұл оның құрамы, барлық жас кезеңдерінде ерте байқалып маңызды ерекшелігі болып қалады . Жеке тұлғалық дамытудың ең жақсы тәсілі, жоғары ой- өрістің кепілі бұл әлемге деген шынайы қызығушылық пен таным әректінде пайда болуы яғни, бір нәрсені үйрену үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалануға ұмтылуында.

Балаларының танымдық дамуының негізгі міндеттері мен бағыттары болып:

1. Бала есінің, баланың дүние туралы ойын толықтырылатын, оны кейбір қарапайым түсініктерді түсінуіне дайындайтын (уақыт, белгі, белгілік жүйелер) жаңа мазмұнмен байытылуы.
2. Балаларды кейбір нақты белгілермен таныстыру (әріп, сан, жол белгілері, ноталар), рәміздер (ту, герб), белгілік жүйелермен(алфавит).
3. Іс жүзінде балада жыл бойында алған белгілер туралы, белгілер жүйесі туралы ақпаратын бекіту және кеңейту.
4. Кейбір нақты тарихи дәйектер арқылы балада адамның жинаған тәжірибесіне қызығушылық тудыру. Балаланың өз тәжірибесін басшылыққа ала отырып, оларда берік қызығушылық қалыптастыру.
5. Үйренуге деген ниет, уақытты түсіне білуге және оны айыра білуді қалыптастыру.
6. Жинақталған және алынған ақпаратты логикалық операциялар арқылы жүйелендіру(талдау, салыстыру, жалпылау, жіктеу).
7. Әрі қарай ақпарат жинақтауға ұмтылу (жеке дәйектер, ақпараттар)және қайтадан жаңа жиналған ақпаратты реттеуге дайын болу, көлемді блоктарға жүйелендіру (үй және жабайы жануарлар, үй және дала өсімдіктері).
8. Балада әлемге деген қамқорлық пен тудырушылық қатынасты қалыптастыру

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Түстер экологиясы.

Мақсаты:Заттарды түстеріне қарай салыстара отырып, білуге, түсінуге, қорытындылауға үйрету.

Көрнекілігі: дидактикалық кілемдер, қуыршақтар, домалақтар.

Шаттық шеңбері

Амансың ба - Алтын күн!

Амансың ба –Жер ана!

Амансың ба – достарым,

Сендерді көрсем қуанам!

Ұйымдастыру кезеңі:

Тәрбиеші түрлі- түсті кілем дайындайды және балаларға көрсетіп,балалар қандай әдемі сиқырлы кілем.

Тәрбиеші: Балалар қарандаршы, мына кілемдеріміздің түсі қандай? (сары, жасыл, қызыл,көк) мына жері көк, мына жері қызыл...

Тәрбиеші: Балалар мына қораптың ішінде не бар екенін көрейікші.

Тәрбиеші қораптан қатты қағаздан жасалған қуыршақтарды алады да сары киімдегі қуыршақты кілемнің сары жеріне орналастырады.

-Қуыршақтың киімі қандай?

Балалар: Сары

Тәрбиеші:Мына қуыршақтың киімі ше?

Балалар: Жасыл.

Барлық қуыршақтарды осылайша орналастырады,қуыршақтарды орналастырып болған соң,қораптан түрлі -түсті бантиктерді шығарады. Бантиктерді де ,қуыршақтардың киімдерінің түстеріне қарай орналыстырады.

Тәрбиеші:Балалар енді сендер алдарыңдағы сиқырлы кілемдерге қуыршақтарды киімдерінің түстеріне қарай орналастырыңдар. Балалар алдарына берілген кілемдерге қуыршақтардың киімдерінің түстеріне қарай орналастырады.Осылай бантиктерді де түстеріне қарай орналастырады.

Сергіту сәті.(Музыкамен)

Тәрбиеші қораптың ішінен түрлі-түсті дөңгелектерді алып ,оларды да түстеріне қарай қуыршақтардың қастарына орналастыруларын сұрайды. Балалар дөңгелектерді қуыршақтардың қастарына орналастырады.

Тәрбиеші:Балалар енді маған сары түсті киімді қуыршақтарыңды көрсетіңдерші. (Балалар сары түсті киімді қуыршақтарын көрсетеді)

Айналарыңа қарандаршы осындай сары түсті не көріп отырсыңдар? (Балалардың жауабы) Балаларға қызыл,көк,жасыл түсті киімдегі қуыршақтарын көрсетіп, айналарың қоршаған ортадан ұқсас түстерді табады.

Тәрбиеші:Балалар енді қазір ойын ойнайық. Ойын: «**Өз түсінді тап**»

Тәрбиеші: Балалар сендер қандай ақылдысыңдар.Жарайсыңдар!

Қорытынды: Балалар бүгінгі оқу қызметі саяхат кезінде қандай түстерді білдік?

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Үйде жасалатын зерттеулер

Мақсаты: Балаларға экологиялық тәрбие бере отырып, айналамен таныстыру. Ара жәндігі туралы білімдерін кеңейту. Ара жәндігінің тіршілігі, адамға пайдасы мен

зияны жайлы түсінік беру. Ата-аналар ақпарат құралдарын пайдалана отырып, балалармен бірге ара жәндігін зерттеп, мәліметтер жинақтап ортаға салу.

Керек құралдар: Суретті слайд, ара жайында альбом және бейне таспа, көрме ұйымдастыру.

Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлемдесу

Тәрбиеші: Ара жайлы көп мәліметтер жинадық, сол мәліметтерді ата-аналарымызбен бірігіп ортаға салдық. Енді ата-аналарымызбен бірге осы араны жасап көрейік. Араның бөлшектерін өзіміз дайындап қойған болған едік, енді құрастырып, жапсырайық. (жапсыру әдісін көрсетемін).

-Ал енді жұмысты бастамас бұрын қолымызды жаттықтырайық.

Әке ара келеді

Ана ара келеді

Бәрі бірге келеді

Күнмен бірге тұрады

Көйлектері сап-сары

Қара жолақ болады

Жүгіреді ғыр-ғыр-ғыр

Ұшып кетті ыз-ыз-ыз.

Қорытынды:

1. -Аралар нешеге бөлінеді?

-Аралар 3ке бөлінеді. Аналық, еркек, жұмысшы аралар.

2. -Бал арасы қай жерлерде кездеседі?

-Қазақстанның барлық облыстарында кездеседі.

3. Аралар қалай тіршілік етеді?

-Аралар топталып, үлкен ұя болып тіршілік етеді.

4. Араның тіршілігі немен байланысты?

-Араның тіршілігі гүлдермен тығыз байланысты.

5. Аралардың өсімдікке тигізетін пайдасы қандай?

-Олар ұшып-қонып, жүргенде гүлдердің өнімділігін арттырады.

6. Ара бізге не береді?

-Ара бізге бал береді.

7. Балдың қандай түрлері бар?

- Түйе бұршақ;
- Жөке;
- Шайқурай;
- Шабындық;
- Таңқурай.
- Тәрбиеші;
- Тексерген әдіскер:

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Өлі табиғат

Мақсаты Өлі табиғат пен тірі табиғат арасындағы байланысты түсіндіре отырып, табиғатты тануға деген қызығушылығын арттыру.

Табиғат байлығын бағалауға, қорғауға, қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: суреттер, өсімдіктер, жануарлары суреттері, жақсылық пен жамандық суреттері

Мотивациялық -қозғаушылық

Шаттық шеңбері.

Армысың, шапағатты Күн-Ана!

Армысың, қайырымды Аспан-Ана!

Армысың, мейірімді Жер-Ана!

Құт дарып, әлемді жарылқа!

Ұйымдастырушылық-ізденістік

Педагог сабақ басталмас бұрын балабақша ішіндегі- Табиғат аясына шағын саяхат жасайды.-

-Балалар біз сендермен қайда бардық?

-Балалар, сендер нені көрдіңдер?

-Балалар табиғат деген не?

-Бізді қоршаған орта табиғат деп аталады. Ол жазира дала, биік таулар, көгілдер, жан-жануарлар, құстар т.б.

-Табиғат нешеге бөлінеді?

-Кәне атайықшы.

-Өлі табиғат пен тірі табиғатқа нелер жатады екіге бөліп

Тақтаға ілуіміз керек. Өлі табиғатты «Ө» дыбысының жан-жағына орналастырамыз,

«Т» дыбысының жан-жағына тірі табиғатты орналастырамыз.

Табиғат сондай тамаша! Кім табиғат туралы өлең тақпақ айтады?

Сергіту сәті:

Үйрек келіп қонады.

+Балалар енді біз бәріміз бірге

«Жақсылық-жамандық» ойынын ойнайық.

Рефлексиялық-түзетушілік

Балалар біз сендермен табиғат аясында нені түсіндік, нені үйрендік?

Дұрыс, біз, табиғатты қорғауға, аялай білуге үйрендік. Табиғат-Анаға көмектесуді үйрендік. Табиғат- барлық адамдардың ортақ үйі.. Табиғатты қорғау -

Отанымызды, елімізді, жерімізді қорғау. Балаларды мадақтау.

Балалардың жауабы

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: Табиғат аясындағы әсемдікті бақылауды.

Түсінеді: Тірі табиғат пен Өлі табиғатты ажырата білуді.

Қолданады: Табиғаттың байлығын қорғай білуді, оны баптап, сүйіспеншілікпен қарауды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Сиқырлы электр

Мақсаты: Балалардың табиғат туралы білімін бекіту. Ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Ертегі арқылы қайырымдылыққа, мейірімділікке, адалдыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: суреттер, үлестірмелі құралдар, кілемше, төрт түсті жіп, үнтаспа.

Билингвальді компонент: Тірі табиғат-живая природа, өлі табиғат-неживая природа, жыл мезгілі-времена года, құстар-птицы, жәндіктер-насекомы, жануарлар-животные.

Мотивациялық -қозғаушылық

Шаттық шеңбері.

Арайлап атсын әр таңым!

Қуан шаттан!

Қуан шаттан!

Қуанатын күн бүгін!

Қайырлы күн қонақтар!

Қайырлы күн достарым!

Балалар қимылымен айтады.

Ұйымдастырушылық-ізденістік

-Мұнда бір диск бар екен, қосып көрейік не айтады екен.

«-Сәлеметсіздерме? Құрметті «Ербатыр» тобының балалары. Мен Табиғат-Анамын. Сендер мен туралы көп оқиды деп ойлаймын. Манадан бері мен сендерді терезеден қарап бақылап тұрмын. Менің сендерге арнайы беріп жіберген тапсырмаларым бар. Сендер тапсырмаларды жақсы орындасандар менің сендерге арналған сыйлығым бар.»

-Ендеше балалар біз «Табиғат-Ананың» тапсырмасын орындайық

3-тапсырма: 1 Жағдаят:

Өзен жағасында екі бала келе жатады. Жолда бақа көреді. Біреуі :

-бақаны үйге алып кетейік адасып кетеді-дейді. Ал екіншісі: -жоқ апармайық бақа өз жолын өзі тауып алады-дейді. Сұрақ-қайсыныкі дұрыс?

Рефлексиялық-түзетушілік

.Бүгінгі оқу-іс әрекетінде біз не білдік, не істедік. Ал енді балалар

Тақтаға қараңдаршы не көріп тұрсыңдар?

-Егерде сендерге бүгінгі күн ұнаса күннің шуағын жан-жағына жапсырыңдар.

Міне көрдіңдерме Табиғат-Ана бізге риза болып сыйлығын берді.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: Табиғат-Ананың тапсырмасын орындайды.

Түсінеді: Табиғаттың құбылыстарын ажырата білуді.

Қолданады: Табиғат-Ананың балалары сияқты мейірімді қайырымды, еңбекқор болуды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Табиғат және біз.

Мақсаты: Балалардың табиғат туралы білімін бекіту. Ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Ертегі арқылы қайырымдылыққа, мейірімділікке, адалдыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: суреттер, үлестірмелі құралдар, кілемше, төрт түсті жіп, үнтаспа.

Билингвальді компонент: Тірі табиғат-живая природа, өлі табиғат-неживая природа, жыл мезгілі-времена года, құстар-птицы, жәндіктер-насекомы, жануарлар-животные.

Мотивациялық -қозғаушылық

Шаттық шеңбері.

Арайлап атсын әр таңым!

Қуан шаттан!

Қуан шаттан!

Қуанатын күн бүгін!

Қайырлы күн қонақтар!

Ұйымдастырушылық-ізденістік

Тәрбиеші: -Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Қазір жылдың қыс мезгілі.

Тәрбиеші: -Қыс мезгілінде неше ай бар?

Балалар: Қыс мезгілінде үш ай бар олар: желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Тәрбиеші: -Бүгін аптаның қай күні?

Балалар: -Бүгін аптаның жұма күні.

Тәрбиеші: -Тамаша! Балалар. Өте жақсы!

-Балалар табиғат деген не?

Балалар: Табиғат деген қоршаған орта, жазира дала биік таулар т.с.с.

Тәрбиеші: -Балалар есік қағылған сияқты.

-Мен бір конверт тауып алдым,

-Мұнда бір диск бар екен, қосып көрейік не айтады екен.

«-Сәлеметсіздерме? Құрметті «Ербатыр» тобының балалары. Мен Табиғат-Анамын. Сендер мен туралы көп оқиды деп ойлаймын. Манадан бері мен сендерді терезеден қарап бақылап тұрмын. Менің сендерге арнайы беріп жіберген тапсырмаларым бар. Сендер тапсырмаларды жақсы орындасандар менің сендерге арналған сыйлығым бар.»

-Ендеше балалар біз «Табиғат-Ананың» тапсырмасын орындайық

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Күздің негізгі белгілерін ұғынады.

Түсінеді: Ерте күз, алтын күз, қара күз дегенді.

Қолданады: Күзде жеміс-жидек, картоп жинайды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Күз алтынын түсіреді

Мақсаты: Балалардың табиғат туралы білімін бекіту. Ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Ертегі арқылы қайырымдылыққа, мейірімділікке, адалдыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: суреттер, үлестірмелі құралдар, кілемше, төрт түсті жіп, үнтаспа.

Билингвальді компонент: Тірі табиғат-живая природа, өлі табиғат-неживая природа, жыл мезгілі-времена года, құстар-птицы, жәндіктер-насекомы, жануарлар-животные.

Мотивациялық -қозғаушылық

Шаттық шеңбері.

Арайлап атсын әр таңым!

Қуан шаттан!

Қуан шаттан!

Қуанатын күн бүгін!

Қайырлы күн қонақтар!

Қайырлы күн достарым!

Балалар қимылымен айтады.

Ұйымдастырушылық-ізденістік

-Мұнда бір диск бар екен, қосып көрейік не айтады екен.

«-Сәлеметсіздерме? Құрметті «Ербатыр» тобының балалары. Мен Табиғат-Анамын. Сендер мен туралы көп оқиды деп ойлаймын. Манадан бері мен сендерді терезеден қарап бақылап тұрмын. Менің сендерге арнайы беріп жіберген тапсырмаларым бар. Сендер тапсырмаларды жақсы орындасандар менің сендерге арналған сыйлығым бар.»

-Ендеше балалар біз «Табиғат-Ананың» тапсырмасын орындайық

3-тапсырма: 1 Жағдаят:

Өзен жағасында екі бала келе жатады. Жолда бақа көреді. Біреуі :

-бақаны үйге алып кетейік адасып кетеді-дейді. Ал екіншісі: -жоқ апармайық бақа өз жолын өзі тауып алады-дейді. Сұрақ-қайсыныкі дұрыс?

Рефлексиялық-түзетушілік

.Бүгінгі оқу-іс әрекетінде біз не білдік, не істедік. Ал енді балалар

Тақтаға қараңдаршы не көріп тұрсыңдар?

-Күннің несі жоқ?

-Ал жердің несі жоқ?

-Егерде сендерге бүгінгі күн ұнаса күннің шуағын жан-жағына жапсырыңдар.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: Табиғат-Ананың тапсырмасын орындайды.

Түсінеді: Табиғаттың құбылыстарын ажырата білуді.

Қолданады: Табиғат-Ананың балалары сияқты мейірімді қайырымды, еңбекқор болуды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Тірі табиғат

Мақсаты: Балалардың табиғат туралы білімін бекіту. Ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Ертегі арқылы қайырымдылыққа, мейірімділікке, адалдыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: суреттер, үлестірмелі құралдар, кілемше, төрт түсті жіп, ұнтаспа.

Билингвальді компонент: Тірі табиғат-живая природа, өлі табиғат-неживая природа, жыл мезгілі-времена года, құстар-птицы, жәндіктер-насекомы, жануарлар-животные.

Мотивациялық -қозғаушылық

Шаттық шеңбері.

Арайлап атсын әр таңым!

Қуан шаттан!

Қуан шаттан!

Қуанатын күн бүгін!

Қайырлы күн қонақтар!

Қайырлы күн достарым!

Балалар қимылымен айтады.

Ұйымдастырушылық-ізденістік

-Мұнда бір диск бар екен, қосып көрейік не айтады екен.

«-Сәлеметсіздерме? Құрметті «Ербатыр» тобының балалары. Мен Табиғат-Анамын. Сендер мен туралы көп оқиды деп ойлаймын. Манадан бері мен сендерді терезеден қарап бақылап тұрмын. Менің сендерге арнайы беріп жіберген тапсырмаларым бар. Сендер тапсырмаларды жақсы орындасандар менің сендерге арналған сыйлығым бар.»

-Ендеше балалар біз «Табиғат-Ананың» тапсырмасын орындайық

3-тапсырма: 1 Жағдаят:

Өзен жағасында екі бала келе жатады. Жолда бақа көреді. Біреуі :

-бақаны үйге алып кетейік адасып кетеді-дейді. Ал екіншісі: -жоқ апармайық бақа өз жолын өзі тауып алады-дейді. Сұрақ-қайсыныкі дұрыс?

Рефлексиялық-түзетушілік

.Бүгінгі оқу-іс әрекетінде біз не білдік, не істедік. Ал енді балалар

Тақтаға қараңдаршы не көріп тұрсыңдар?

-Күннің несі жоқ?

-Ал жердің несі жоқ?

-Егерде сендерге бүгінгі күн ұнаса күннің шуағын жан-жағына жапсырыңдар.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: Табиғат-Ананың тапсырмасын орындайды.

Түсінеді: Табиғаттың құбылыстарын ажырата біледі.

Қолданады: Табиғат-Ананың балалары сияқты мейірімді қайырымды, еңбекқор болуды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Нан қайдан келеді?

Мақсаты: 1.Балаларға көрнекі құралдарды пайдалана отырып,ертегінің мазмұнын түсіндіру.

2. Нанның адам еңбегімен келетінін,оған көп күш жұмсалатынын түсіндіру.

3.Балаларға нанды қастерлеу керектігін түсіндіре келе,адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу

Көрнекіліктері: нанның түрлері,бидай,комбайн,диірменнің суреттері. Сөздік Әрекет кезеңі

Шаттық шеңбер.Амандасу түрлерін көрсетеді.(қолымен,басынан сипалап,бетінен ұстап,құшақтап

Психожаттығу: «Күлімдейік».

-Балалар адам жанының, жүрегінің кілті біздің езуімізде.Егер біз үнемі достарымызға, ата-анамызға, апайларға күлімдеп, жадырап көңілді жүрсек біз мейірімді,ақылды болып өсеміз. Жан- жағымызға күлкі сыйлайық.

Кел балалар күлейік,

Күлкіменен түлейік

Қабак шытқан не керек

Күліп өмір сүрейік!

Ғажайып ағаштың пайда болуы.

Балалар біздің топта ғажайып ағаш пайда болды.

Ғажайып ағаш туралы өтірік әңгіме оқып береді.Баяғы өткен заманда бір патшалықтағы балабақшаның тобының балалары жерге бидайдың дәнін отырғызыпты.Ол дәнді олар терезенің алдынан тауып алыпты.

Біраз уақыт өте келе ғажайып ағашта алма емес. Алмұртта емес, апелсинге де ұқсаматын.

Дидактикалық ойын « Нан пісірейік»

Нан пісірудің ретін еске түсірейік.Қамыр илеу үшін не керек екенін өздері табады.Әр түрлі азық түліктің суреттері тұрады, балалар өздері тауып қосады.

Ғылым орталығы

Бірнеше дақылдарды үстелге қояды.

Проблемалық сұрақ

Ұнды неден және қалай алады?

Рефлексия

“Нан –байлық,нан-береке”деп халқымыз бекер айтпаған.Қаншама адам еңбек етеді.Дастарқанға зор еңбекпен келген нан тағамдарын қастерлеуіміз керек.

Күтілетін нәтиже:

Білу:Ертегінің мазмұнын ,нанның адам еңбегімен келетінін,оған көп күш жұмсалатынын білу;

Нанды қастерлеу керектігін түсіну.

Көрнекі құралдарды пайдалана отырып,тақырыпты меңгеру;

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні_____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Орман және біз

Мақсаты: Жабайы жануарлар туралы түсініктерін байыту.

2. Жабайы жануарлардың (аю, қоян, түлкі, қасқыр) сипаттық белгілерін байқай білуге үйрету арқылы зейіндерін дамыту.

3. Табиғатты сүюге және оған қамқор болуға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Жабайы жануарлар сұлбасы, орман қорышысы, үлестірімелі материалдар.

Сөздік жұмыс: орманда тіршілік ететіндер.

- Бізге қонаққа орманшы аға келді. Ол бізге өзінің орманда тіршілік ететін жануарлары туралы айтқысы келеді.

Жабайы жануарлар-өз беттерімен тіршілік ететін жануарлар.

. Билингвальды компоненті: жабайы жануарлар-дикие животные.

Шаттық шеңберге тұрады.

1. Білімде өзектендіру.

Фланелеграфта қоян, түлкі, аю, қасқырдың суреттері ілінеді.

- орманшы аға бізге жұмбақтар алып келіпті. Жұмбақтардың жауабын шешейік.

Педагог жұмбақ жасырады. Балалар жауабын тапқаннан кейін жұмбақтардың шешулері болған аңдардың суреттерін тақтаға іледі.

Қалқыып ұзын құлағы,

Елеңдеп қорқын тұрады. (Қоян)

Үп-үлкен боп қорқады. (Аю)

- Бұлар-жабайы жануарлар, олар орманда, далада тауда тіршілік етеді және өз қорегін өзі тауып жейді.

- Аюды сипаттайық, ол қандай? (үлкен, қалың жүнді, құлақтары кішкентай ғана, түсі қоңыр)

Осылайша қасқыр мен түлкіні, қоянды сипаттайды.

- Осы аңдардың ішінде қай жануар үлкен? Ал ең кішкентайы қайсысы?

(Аю-ең үлкен жануар. Түлкі аюдан кіші. Қоян-ең кішкентай аң.)

2. «Жабайы жануарлар» психологиялық жаттығуы.

- Қорбанды жүретін маймақ аюды бейнелейік.

- Түлкінің жүрісін салайық.

- Қорқақ қоянды бейнелейік..

4. Үлестірімелі материалдармен жұмыс. Тапсырманы түсіндіреді, балалардың дұрыс орындауын қадағалайды.

5. Жеке жұмыс өткізді.

Күтілетін нәтиже:

ұғынады: жабайы жануарлардың сипаттық белгілерін байқап, оларды сипаттап айтуға арналған тапсырмаларды.

түсінеді: жабайы жануарлар туралы берілген мәліметтерді.

Қолданады: жабайы жануарлардың жүріс-тұрысын қимылмен келтіре білу дағдыларын

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Орман тұрғындары көмек сұрайды

Мақсаты: 1. Білімділік: Жабайы аңдар туралы түсінік беру. Жабайы аңдарды бір-бірінен ажырата білуге, аңдардың қысқы тіршілігімен таныстыру.

Көрнекіліктер: әр түрлі дәнді дақылдар, аңдардың суреттері мен мулыждары, орман макеті, слайд.

шаттық шеңберін орындайды.

Армысың Алтын күн! (екі қолдарын жоғары көтереді)

Армысың Балабақшам! (қолдарын жан-жағына жаяды)

Армысың достарым! (достарына қарайды)

Сіздерді көргеніме қуаныштымын. (қолдарын шапалақтайды)

Достасайық бәріміз. (бір-бірлерін қолдарынұстайды)

Үлкенге де сіз, кішіге де сіз, (бір қолдарын жоғары, бір қолдарын төменгетүсіреді)

Басымызды сіздерге иеміз біз. (барлығы бірге бастарын иеді).

Тәрбиеші: Мен сендерге орманда өмір сүретін, өз қоректерін өздері табатын аңдар туралы әңгімелеп беремін. Жабайы аңдарға: аю, қоян, тиін, кірпі, қасқыр, түлкі т.б. жатады.

Жабайы аңдардың қыста тіршілігі қиындау болады

-Балалар, сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. Жұмбақты шешеміз бе?

Мынау қоян. Қыста қоянның түсі ақ болады. Қыста, ақ қардың үстінде қоянды байқау өте қиын. Ақ түс қорғаныш қызметін атқарады. Қоян сәбізді, ормажапырақты жегенді ұнатады.

Тәрбиеші:-Жарайсыңдар, балалар. Әрине, ол біздің кішкентай ағаштан – ағашқа секіріп тыным таппайды тиін. Тиіннің құйрықтары ұзын, жүндері үлпілдек болады. Адамға бауырмал болады. Тиін бүршіктермен, жаңғақтармен қоректенеді.

Қорытынды:

«Бұйрық» шығарады.

«Бұйрық» міндетті түрде, аңдарды қоректендіріндер.

Осы бұйрық арқылы **«Аңдарды тамақтандыру» ойының** ойнап шығайық. Осы ойын арқылы аңдардың немен тамақтантынын сендерді түсінгендерінді тексеретін болам...

Сұрақ –жауап.

-Балалар, қысқы орман сендерге ұнады ма?

-Иә, ұнады. Әсерлі болды.

-Біз бүгін қандай аңдармен таныстық? Немен қоректенеді?

-Бүгін біз қоян, тиін, кірпімен таныстық. Қоян – сәбіз, ормажапырақ. Тиін – жаңғақты.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: орман тұрғындарын танып, ажырата біледі.

Игереді: ойын арқылы жабайы аңдардың тіршілігі мен қорегін біліп игерді.

Меңгереді: сұрақтарға жауап беруді, жануарларға қамқорлықпен қарауды меңгерді.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Жануарлар неге құриды?

Мақсаты: Жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту ,тереңдету.

Олардың түрлерін бір-бірінен ажыратуға, дене мүшелерін дұрыс айта білуге үйрету.Жұмбақтар шешу арқылы ойлау,қиялдау қабілеттерін арттыру.

Бұғы мүйізінің пайдасы туралы айту.

Көрнекілік құралдары:Жабайы жануарлардың суреттері,ойыншықтар.

Шаттық шеңбері:

Психологиялық жаттығу:

Көздерінді жұмып, ең жақсы сәттеріңді еске салыңдар

Балалар қолдарынан ұстап, шаттық шеңбер құрып, тәрбиешінің соңынан қайталайды.

Балалар жайылып отырып, көздерін жұмып, ең жақсы сәттерін елестейді.

Ұйымдастырушы-іздену

Мен бүгін балабақшаға келе жатып,сандық тауып алдым.Ол сандықтың ішіне ормандағы аңдарды сиқырлап салып қойыпты. Оларды сандықтан шығару үшін жұмбақтарды шешуіміз керек.

Мынау не ?суретін көрсетеді.

Дұрыс айтасыңдар,мен сендерге бұғының мүйізінің пайдасы туралы айтқым келіп отыр.

Ойын: «Ненің басы,ненің құйрығы?»

Сергіту сәті:(Музыкамен)

Ал енді,балалар саябаққа барайық.Саябақтың ішіндегі тақтаға суретші сурет салып қойған.Бірақ бұл суретте бір қателік бар сияқты.

Кәне көріп табайық,

Саябақтың ішіндегі жануарлар адасып,үйлерін таба алмай жатыр,көмектесейік.

Мына саябақтағы аңдар туралы қандай тақпақ білесіңдер?Балалар өз білгендерін айтып береді.

Рефлексивтік-түзету

Ойын: «Жабайы жануарды тап »

Шарты:Балалар мен сендерге

Жануарлардың атын атаймын,ал сендер жабайы жануарлардың аттарын айтқанда ғана қолдарыңды шапалақтауларың керек.

Балалар сиқырлы сандықтың ішінен нені көрдік?

Дұрыс аңдарды көрдік.

Балалар бүгінгі іс-әрекетіміз сендерге ұнады ма?

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Балалардың жабайы аңдар туралы түсініктері кенейді.Олардың түрлерін бір-бірінен ажыратуға,дене мүшелерін дұрыс айта білуге үйренді.

Айта қолданады:Жабайы жануарлар туралы түсінік қалыптасты.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні_____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Қысқы орманға саяхат

Мақсаты: Балалардың бойында достық және қоршаған ортаға қызығушылық сезімдерін ояту. Балалардың жабайы аңдар туралы білімдерін бекіту. Сөйлемдерге дыбыстық талдау жасай отырып, буындарға бөлуді дағдылау. Шығармашылық көркем суреттер өрнегімен таныстыра отырып, «Дымково» ойыншығын әшекейлеуше жаттықтыру.

Көрнекі құралдар: Жануарлардың суреті, дымка ойыншығы, цифрлар, құстардың суреті.

Қостілділік компоненті: Орман-лес, қыс-зима, жануарлар-животные.

Мотивациялық-қозғаушылық

Достық шеңбері:

Ән айтуға барамыз

Досымызды табамыз

Сәлеметсің бе, міне мен

Дос болайын сенімен.

2.«Саяхатқа барамыз» психологиялық жаттығу ойыны

Саяхатқа барамыз

Дүрбімізді аламыз

И бұл не? И бұл кім?

Орман Үстіне шыға алмаймыз,

Астынан өте алмаймыз,

Жанына бара алмаймыз. Балалар шеңбер бойымен жүріп, бір-бірімен достады.

Балалар, ойынның сөздерін айта отырып, қимыл-қозғалыстарды орындайды.

Ұйымдастыру-іздігіру

-Балалар, қараңдаршы біздер ормандағы үйшікке тап болдық. Келіндер жақын келіп, байқап көрейік, мұнда не бар екен. Орман жаңғырығының даусы шағады:

«Сәлеметсіңдер ме балалар, орманға қош келдіңдер! Менің сендерге тапсырмам бар, жұмбақтардың шешуін дұрыс тапсаңдар, сендерге білім қазынасын жол көрсететін бағыттаушы картаның кескінін сыйлаймын. Тыңдаңдар:

-Жарайсыңдар, менің тапсырмаларымды орындадыңдар. Енді, үйшіктің сол жағында бағыттаушы картаны алыңдар. Сендерге сәттілік тілеймін, жолдарың болсын!!»

Карточка бойынша жануарларды цифрлармен белгілеу тапсырмасы.

Сергіту сәті: «Үкі» саусақ гимнастикасы.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Орман аңдары туралы білуді, алдарына қойылған мақсаттарына жетуді.

Қандай түсініктерді игерді: Балалардың бір-бірімен достық қарым-қатынас арқылы, кез келген тапсырмаларды түсініп, дұрыс және анық орындауды, өз беттерінше жұмысты өрбітіп, еңбегін бағалай біледі.

Меңгерген дағдылар мен іскерліктері: Сөйлемге дыбыстық талдау жасауды, цифрды белгілеуді, алдарына қойылған тапсырмаларды тиянақты орындауды, қылқаламды қолдану әдеттерін арттыруды, ертегіні қиялы бойынша құрастыруды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Сиқырлы су

Мақсаты: Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру. Судың табиғатта баға жетпес сый екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Суды үнемдеп пайдалануға және судың барлық ерекшеліктері туралы сипаттау. Қазіргі кезде адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат-ананы қорғап, аялауға үйрету. Суды ластамауға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: плакат, су, қант, тұз, қасық, сүт, гуашь бояулары, әр түрлі суреттер және т.б;

Құрал-жабдықтар: видео көрсетілім, сергіту сәті әуені,

Ұйымдастырушылық ізденіс

Тақтаға ілінген суретпен жұмыс. Сұрақ-жауап түрінде.

Балалар су қандай зат? Ал судың иісі бар ма, иіскеп көріңдерші? (балалар суды иіскеп көреді)

Судың дәмі бар ма? Осыны да біз тексерейік, алдарында ыдысқа су құйылған. Сол суды ішіп көріңдер. Енді осы суға кейбіреулерің қант қосып көріңдер, ал басқаларың тұз қосып көріңдер. Суды ішіп көріңдер дәмі қандай болды екен?

Дұрыс суға біз не қоссақ, сол заттың дәмін сеземіз, ал судың дәмі жоқ екен.

Судың түсі бар ма? Егер де бояу қосып жіберсек, оның түсі өзгереді. Оны да тәжірибе арқылы дәлелдейік. Стакандағы суға гуашь бояуларын қосайық.

Сонымен қатар су мен сүтті салыстырып көрейік, су бар стақанға қасық салайық, қасық көрінеді ме? ал сүт құйылған стақанға қасық салсақ ол көрінеді ме?

сондықтан судың түсі жоқ, ол – мөлдір екен.

Балалар судың үш қасиеті бар – сұйық, қатты, бу. (үстел үстінде тұрған ыдыстағы су, мұз және қайнаған суды көрсету.)

1. Су ішкен құдыққа түкірме.

2. Түнде суға барма.

3. Түнде судың бетін ашық қалдырма.

4. Өзен, көлдерді ластама. *Сылдырлайды мөлдір су,*

Рефлексиялық- түзетушілік

Балаларға сұрақ қойылады.

Игровизор бойынша жұмыс жасаймыз

Судың иісі, дәмі, түсі бар ма?

Судың қандай қасиеттері бар?

Қандай тәжірибе жасадық?

Күтілетін нәтижелер:

Біледі: Су тіршілік көзі. Адам, жануар, өсімдіктер сусыз өспейтін, өне алмайтыны жайлы түсінік біледі.

Игереді: судың қасиеттерін, қалыптарын түсінеді.

Меңгереді: су туралы тапқақтар айтады, түсін, дәмін пішінін біле

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Біздің айналамыздағы әлем

Мақсаты: Адам мен табиғаттың бір-біріне тіршілік ете алмайтыны туралы түсініктерін дамыту, адамның табиғатта тіршілік ететіні туралы мағлұмат беру.

Табиғатты өз үйіндей көру қажеттігі туралы түйсігін тәрбиелеу: оған қамқор болу керек, қорғау қажет, ормандағы, табиғаттағы тәртіп шараларымен таныстыру. Айналадағы өсімдіктер мен жануарлар әлеміне деген қызығушылықтарын дамыту.

Табиғат құбылыстарының дыбысы.

Балалар қандай дыбыстарды естідіндер:

(құстың сайрағаны, желдің, жаңбырдың дыбысы)

Бұл - табиғат дыбыстары.

Ал, табиғатқа нелер жатады?

Қанекей айналамызға қарайықшы, нелерді көріп тұрмыз?

(күн, бұлт, тау, су, өзен)

Күн не береді?

Күн бізге жылу, жарық, сауле береді.

Бұлт болса жаңбыр жауады, қар жауады.

Енді міне суреттерге назар аударайық.

Не көріп тұрмыз.

(тас, су, тастар, құм, жануарлар, өсімдіктер)

Балалар табиғат екі түрге бөлінеді: өлі табиғат және тірі табиғат .

Өлі табиғатқа: тау, тас, су, топырақ, бұлт, жатады.

Тірі табиғатқа : адамдар, жан-жануарлар, ағаштар, өсімдіктер жатады.

Неге оларды тірі табиғат дейміз? Себебі олар өседі, қозғалады, қоректенеді, тыныс алады, көбейеді.

Ал өлі табиғат өспейді қозғалмайды, қоректенбейді, тыныс алмайды, көбеймейді.

Жануарлардың дыбысы.

Біз нелердің даусын естіп тұрмыз?(жануарлардың)

Жануарлардың да өте көп, олар бірнеше түрлерге бөлінеді. Мына суреттерге қарайық.

Үй жануарларымен жабайы аңдардың суреті.

Балалар үй жануарлары мен жабайы аңдардың түрлерін ажыратып ойын ойнап жіберейік..

Дид ойын: « Лото »

Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық

Қанатымызды жазайық

Құс болып ұшайық

Қорытындылау:

Балалар біз бүгін бірігіп не істедік?

Нелермен таныстық.

Табиғат нешеге бөлінеді ?

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: _ Кереметке толы қысқы орман

Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі жайлы алған білімдерін арттыру, саяхат жасай отыра қыз мезгілінде болып жатқан өзгерістерді салыстыру, ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Олардың сөйлеу қабілетін мәдениетін дамыту; айналаға, қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу. Көрнекілік; ат, шана, ағаштар шырша ормандағы дауыстар ұнтаспа, құстар.

Амандасу үлкенге

Тәрбиенің басығой

Қайырлы күн достарым!

Қайырлы күн қонақтар!

Төрт мезгіл бар.

Жаз, Күз, Қыс, Көктем.

Желдің, боранның

Қыс мезгілі

Күн суық боран аяз болады

Балалар біздің сиқырлы сандықшамыз салмағы ауырлай түсіпті, өйткені бұның іші не нәрсеге толды?

Біз балалар сиқырлы сандықшамызды тобымыздың төріне қойып қояық, өйткені келген қонақтарға біздің сөздеріміз жылылығын мейірімін беріп тұрсын.

Енді балалар сендер менімен бірге саяхатқа барғанды жақсы көресіңдер ме?

Бұрын сендер қандай саяхатқа бардыңдар?

Олай болса бүгін мен сендерді сиқырлы орманға апарамын.

Балалар менің өзімнің сиқырлы таяқшам бар соны өзімнен қоса ала кетейін егерде біз жолда қиналып қалсақ осы сиқырлы таяқ бізге көмектеседі.

